



## Атбасар ауданының Атбасар қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № а-8/197 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 тамызда № 29153 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 21.01.2025 № а-1/19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атбасар ауданының Атбасар қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданының әкімі*

*А.Калжанов*

Атбасар ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы 10 тамыздағы  
№ а-8/197 қаулысына  
қосымша

## Атбасар ауданының Атбасар қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

--	--	--	--	--	--

Сауда қызметін

№

Орналасу орны

Алатын алаңы ( шаршы метр)

Ж а қ ы н  
орналасқан  
инфрақұрылым ( ұқсас тауарлар  
ассортименті  
сатылатын сауда  
объектілері,  
сондай-ақ  
қоғамдық  
тамақтану  
объектілері)

Қызмет саласы

					жүзеге асыру кезеңі (жыл)
1	Атбасар қаласы, Поселок КСМК көшесі, "Достық Синтез" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағының артында	100	"Седа" дүкені	Азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін іске асыру	5
2	Атбасар қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, "Атбасар ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы	80	"МирНур" дүкені, "Атбасар" сауда орталығы	Азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін іске асыру	5
3	Атбасар қаласы, Казахстанская көшесі, "Автодом" техникалық қызмет көрсету станциясына қарама-қарсы	80	жоқ	А у ы л шаруашылық, азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін іске асыру	5
4	Атбасар қаласы, Ө.Майкөтов көшесі, "Теміржолшылар" саябағындағы "Разноторг" дүкенінің оң жағында	100	жоқ	Азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін іске асыру	5
5	Атбасар қаласы, Поселок ЖБК көшесі, № 3 үйдің сол жағында	50	"Альянс", "Дарья" дүкендері	Азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерін іске асыру	5